

сіздерге тек ақпарат үшін беріліп отыр. Тәуекелдер әлі толықтай қайта қаралады. Және де оны факультеттер, кафедралар деңгейінде де қарастыру керек.

Құрметті Комитет мүшелері, осы мәселе бойынша сұрақтарыңыз, ескертулеріңіз, қосатындарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма? Ұсыныстарыңыз болмаса, ұсынылып отырған саясатты ақпарат ретінде назарға алып, Тәуекелдерді басқару саясаты Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінде қарастыруға ұсынылсын деп шешім қабылдайық, бірақ бұл құжат бойынша әлі де жасалатын біраз жұмыстар бар. Басқа сұрақ-ұсыныстарыңыз болмаса, дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» – жоқ. Бірауыздан қабылданды.

ШЕШІМ:

«Тәуекелдерді басқару саясаты» Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінде қарастыруға ұсынылсын. Жауапты: Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Г. Балкибаева.

2-ші мәселе бойынша Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру бөлімінің басшысы Телеуова С.О. сөз алды.

Құрметті комитет төрайымы және комитет мүшелері, сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған Даму Бағдарламасының №4 қосымшасы бойынша жылдық көрсеткіштерінің орындалуы туралы мәліметтермен таныстырып өтейін. Дулати университетінде Даму Бағдарламасының №4 қосымшасы бойынша осы күнге дейін айтарлықтай жұмыстар жүргізілді. Соның ішінде, 17.09-20.09.2024ж. аралығында Даму бағдарламасының №4 қосымшасының орындалуы бойынша түсіндіру семинар - кездесулері ұйымдастырылды. Семинарға академиялық, ғылым, халықаралық ынтымақтастық департамент директорлары, тіркеу офисі, онлайн оқыту бөлімі, персоналды басқару қызметі, әскери кафедра, кітапханалық-ақпараттық орталығы, жобалық басқару және цифрландыру орталығы, Қаратау тау-кен технологиялық колледжі, қабылдау комиссиясы, бухгалтерия, жоспарлау-экономикалық басқармасы, әлеуметтік жұмыс бөлімі сияқты 27 құрылымдық бөлімдердің басшылары қатысты. Кездесу барысында Дулати университеті Даму бағдарламасының №4 қосымшасы бойынша Дулати университетінің ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне ұсынылатын жылдық есеп, мониторинг және көрсеткіштерді актуализациялау мәселелері де талқыландырылып, талқыланған болатын. Даму бағдарламасының №4 қосымшасы бойынша Дулати университетінің 2023 және 2024 календарлық жылдары орындалуы тиіс 127 индикатор мен 2025 жылға министрлік тарапынан ұсынылған 63 көрсеткіштер туралы баяндалып, әр жауапты тұлға мен құрылым басшыларымен тиісті индикаторлар төңірегінде мәселелер қозғалып, толықтай қарастырылған болатын. Қазіргі таңда 2024 жылға арналған Даму бағдарламасы №4 қосымшасының негізгі көрсеткіштері ҚР ҒЖБМ-де қорғалып, келісілді. Толықтай айтып кетсем, 2024 жылға арналған Даму бағдарламасы №4 қосымшасының 27 индикаторы көзделген көрсеткішіне жеткен жоқ, ал 95 индикатор орындалды. Орта есеппен Даму бағдарламасының №4 қосымшасы 78% орындалды. 27 орындалмаған көрсеткіштер мынадай:

1. Академиялық бағытта 18 көрсеткіш:

- 15 – студенттер саны
- 2 – шетелдік студенттер
- 1 – жұмыс берушілерді тарту

2. Персонал бағытында 8 көрсеткіш:

- 6- оқытушылар құрамы және ғылыми атақтары
- 1 – ғылыми дәрежелілік
- 1 – директорлар кеңесінде әйелдердің үлесі

3. Ғылым бағытында 1 көрсеткіш:

- 1 - ПОҚ-ы мен «ЖОО-ның үздік оқытушысы» грантының иегерлер саны

**«М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ»
«Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитеті» мәжілісінің
№ 2 хаттамасы**

Тараз қаласы

28.11.2024 ж.

Қатысқандар:

Есимова Ш.А., Дарибаев Ж.Е., Балкибаева Г.А., Иржанова Г.Ж., Алимбетова Г.С., Турарова А.Н., Исабекова Г.Б., Тасуов Б.Т., Шардарбек М.Ш., Ернишев К.А., Нурпеисов М.К., Кабдушев А.А., Ұлтанбаев А.Б., Турсыналиева Ж.Р., факультеттердің сапаны қамтамасыз ету комиссияларының төрағалары .

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Тәуекелдерді басқару саясатының жобасын талқылау және бекітуге ұсыну.
2. Даму Бағдарламасының №4 қосымшасы бойынша жылдық көрсеткіштерінің орындалуы туралы.
3. Даму бағдарламасын актуализациялау туралы.
4. Дулати университеті қызметкерлерінің тиімділігін бағалау (Крі) жүйесі туралы.
5. Әр түрлі мәселелер:

Тыңдалды.

1-ші мәселе бойынша Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Балкибаева Г.А. сөз алды.

Құрметті комитет мүшелері, назарларыңызға жаңадан жасалған **«Тәуекелдерді басқару саясаты»** құжатын талқылауға ұсынып отырмын. Бұған дейін университет бойынша РИ 2-9-1-2020 Рабочая инструкция «Управление рисками»/ «Тәуекелдерді басқару» жұмыс нұсқаулығы және «Политика управления рисками / Тәуекелдерді басқару саясаты» атты 2020 - 2021 жылдары бекітілген екі құжат бар. Бірақ олардың мерзімдері аяқталған. Оның үстіне, университеттің Директорлар кеңесі 2024 жылғы 25 тамызда бекіткен «Ішкі аудит қызметінің 2024 жылғы 1-жартыжылдығында атқарған жұмысы туралы есепте келтірілген аудиторлық есептердің қорытындысы бойынша Ішкі аудит қызметі ұсыныс-кеңестер беріп, айқындалған сәйкессіздіктерді жою үшін «Түзету іс-шаралары жоспары» жасалды.

Тәуекелдер бойынша ішкі нормативтік құжаттарды (әдістемелер, саясат, тәуекелдер картасын, тәуекел-аппетит, бизнес-процестер және т.б.) әзірлеп, бекітуіміз қажет деп белгіленген болатын. Соған байланысты қазіргі таңда мерзімдері аяқталған екі құжаттың орнына **«Тәуекелдерді басқару саясаты»** деген атаумен мүлдем жаңа құжат дайындалып отыр. Осы құжат Директорлар кеңесінің отырысына бекітуге ұсынылады. Оның орысша және қазақша нұсқалары бір-біріне сәйкестендіріледі. Бүгінгі талқылауға тек орысша нұсқасын ұсынып отырмын.

Құрметті комитет мүшелері, барлық өзгеріске ұшыраған құжаттар пабликке салынған болатын, олармен танысқан боларсыздар, сұрақтарыңыз, ескертулеріңіз, қосатындарыңыз, ұсыныстарыңыз бар болса, айтсаңыздар.

Дарибаев Ж.Е.: Талқылауға ұсынылып отырған бұл саясатты уақыттың тығыз болуына байланысты тез-тез қарап шығуға тура келді. Ол әлі де біраз толықтыруларды қажет етеді. Мысалы, риск менеджментті іске асыратын жауапкершілік қай бөлімде болатыны – Ішкі аудит қызметі немесе Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімі жауапты бола ма, нақты айтылмаған. 4.2. бапта жауапкершілік сапа бөліміне жүктеледі делінген, ал 7.8. бапта бұл функция тікелей Ректорға бағынышты құрылымға, яғни ішкі аудит қызметіне берілген. Сондықтан, құжаттың осы абзацтарына түзетулер мен толықтырулар қажет етеді.

Төрайым: Бұл саясатты мен толықтай қарап шықтым. Жанали Еркінбекович, дұрыс айтасыз, құжатты әлі толықтай қайта қарап шығамыз, біраз түзету енгізу қажет. Бұл қазір

Есимова Ш.А.: Даму бағдарламасының №4 қосымшасына жыл сайын түзетулер енгізіп отыру қажет, ал бізде мысалы «студенттер саны» туралы бір көрсеткіш 10 шақты бөліктерге бөлінуі мүмкін (мемлекеттік грант, ақылы және т.б.). Барлығын қосқанда индикаторлар саны 100 ден асады, басқа университеттерде максималды 25 – 40 көрсеткіш қана. Сондықтан 2025 жылға Даму бағдарламасының №4 қосымшасына түзетулер енгіздік, негізгі 43 индикаторды қалдырып отырмыз. Құрметті факультет декандары осы бекітілген Даму бағдарламасының №4 қосымшасындағы әрбір орындалу көрсеткішіне мұқият болсаңыздар. Бекітілген Даму бағдарламасының №4 қосымшасы сіздерге документолог арқылы жіберіледі. Басқа сұрақ-ұсыныстарыңыз болмаса, дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» – жоқ. Бірауыздан қабылданды.

ШЕШІМ:

1. Дулати университетінің 2025 жылға Даму бағдарламасының №4 қосымшасы бойынша жылдық көрсеткіштерінің орындалуы туралы мәлімет назарға алынсын.
2. Даму бағдарламасының №4 қосымшасы бойынша жылдық көрсеткіштерінің орындалуы туралы мәлімет басшылық тарапынан шешімдер қабылдау үшін Директорлар кеңесінің күн тәртібіне қосып, аталған сұрақты қарастыру үшін ұсынылсын. Жауапты Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру бөлімінің басшысы Телеуова С.О.

3-ші мәселе бойынша Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру бөлімінің басшысы Телеуова С.О. сөз алды.

Құрметті комитет мүшелері, Даму бағдарламасын актуализациялау туралы ақпаратпен таныстыруға рұқсат берсеңіздер! 2024 жылдың 20 қыркүйегінен бастап екі университеттің бөлінуіне байланысты қазіргі дайындалып отырған Даму бағдарламасы 2024-2029 жылдарды қамтиды. Даму бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен қабылданған, Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде әзірленді. Білім беру ұйымдарының дербестігін қамтамасыз етуге, жоғары оқу орындарына дарынды мамандарды тартуға, сондайақ барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктерін ескере отырып, озық технологиялар мен болашақтың экономикасына негізделген заманауи білім беру бағдарламаларын пайдаланып, білім мен құзыреттілік деңгейін арттыруға бағытталған. Актуализацияланған қазіргі даму бағдарламасында су шаруашылығы бойынша көрсеткіштер толықтай алынып тасталды. Алда жоспарланатын Басқарма отырысында осы 2024-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасының жобасын талқылауға шығарып, бекітілген жағдайда, барлық құрылым бөлімшелерге түсіндірме жұмыстары ұйымдастырылатын болады.

Есимова Ш.А.: Құрметті факультет декандары, университет бойынша 2024-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасының жобасымен танысқан боларсыздар, сұрақтарыңыз, ескертулеріңіз, қосатындарыңыз, ұсыныстарыңыз бар болса, айтсаңыздар. Басқа сұрақ-ұсыныстарыңыз болмаса, дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» – жоқ. Бірауыздан қабылданды.

ШЕШІМ: Университет бойынша 2024-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасының жобасы Директорлар кеңесінің күн тәртібіне талқылап бекіту үшін ұсынылсын. Жауапты: Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру бөлімінің басшысы Телеуова С.О.

4-ші мәселе бойынша Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дарибаев Ж.Е. сөз алды.

Құрметті төрайым және комитет мүшелері, өздеріңіз білетіндей Әкімшілік-басқару персоналының КРІ туралы ережесі және ӘБП-ның жаңа КРІ жүйесі әзірленіп, ӘБП-ның 383 КРІ картасы, университет Ғылыми кеңесінің 2024 ж. 9 сәуірдегі №11 отырысында бекітілген болатын. Бұл орайда, корпоративті ПӘК 30 %, ал функционалдық ПӘК 70% құрайды. Қызметкерлердің: басшылардың, басшы орынбасарының және мамандардың

ПӘК-ін бағалаудың негізгі индикаторлары есепке алынды. Орындалған жұмыс көлеміне толық талдау жасаудың негізгі критерийлері ұсынылды. «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КЕ АҚ әкімшілік-басқару персоналы қызметінің негізгі көрсеткіштерін (индикаторларын) есептеу туралы ереже» әзірленіп, бекітуге дайындалды.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдың 2 қазанында университет қызметкерлерінің КРІ карталарына арналған ақпараттық портал бойынша семинар ұйымдастырылып, М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінде жылдық жоспарлау мен оның орындалу көрсеткіштеріне арналған КРІ карталарының электронды ақпараттық порталы туралы барлық құрылымдық бөлімдердің жауапты қызметкерлеріне түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Семинарға қатысушыларға әкімшілік-басқару персоналдары қызметінің негізгі көрсеткіштерін (индикаторларын) есептеу ережесін және есептеу әдістемесі таныстырылды. Календарлық жыл соңында әкімшілік-басқару персоналдары нақты мәндері бар КРІ карталарын электронды порталға толтырады және ол ақпараттар әр құрылым басшылары тарапынан және Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру бөлімі тарапынан қадағаланып, электронды портал арқылы тұрақты мониторинг жүргізілетін болады. Семинарда Жобалық басқару және цифрландыру орталығының басшысы Д.Төлегенова <http://bpms.dulaty.kz/admin/page/profile-page> порталының қалай іске қосылуы мен жұмыс жасалу тәртібі туралы түсіндірді.

Қазіргі таңда бағалауға арналған цифрлық платформа әзірленіп, барлық жұмыстар қалыпты деңгейде жүргізіліп жатыр. <https://bpms.dulaty.kz/admin/login> сілтеме арқылы базаға кіріп барлық жүктелген мәліметтерді көруге болады. Бұл жерде тек 2024 жылдың қаңтары мен желтоқсан айларының аралығы алынды. Жұмысты тиісті деңгейде ұйымдастыру үшін ватсаптан чат ашылды. Жауапты - Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру бөлімінің бас маманы Мамбетова Айнур. Қазіргі таңда 95 % қызметкерлер өз карталарын жүктеп бітірді. Жақын арада базадан мәліметтерді шығарып, толықтай сараптап, Директорлар кеңесінің отырысының күн тәртібінде қарастыруға ұсынатын боламыз. Осы сұрақ бойынша сұрақтарыңыз, ескертулеріңіз, қосатындарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма?

Есимова Ш.А.: Құрметті факультет декандары, Директорлар кеңесінің отырысында университет бойынша ректор және проректорлар КРІ қарастырылады. Проректорлар өз бағыты бойынша қызметкерлерінің көрсеткіштерін қадағалайтын болады. Келешекте осы КРІ жүйесін толық қанды ендірсек, жыл сайын қызметкерлердің жалақысына қосымша үстем ақы қосу сұрағын да қарастыратын боламыз. Бұл қазіргі қарастырып отырғанымыз тек биылғы 2024 жылға. Осы сұрақ бойынша қосатындарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма?

ШЕШІМ: Дулати университеті Басқарма төрағасы – ректор және басқарма мүшелері проректорлардың КРІ толыққанды сараптама жасалып, Директорлар кеңесінің отырысының күн тәртібінде қарастыруға ұсынылсын. Жауапты: басқарма басшысы – Дарибаев Ж.Е.

Төрайым



Ш.Есимова

Хатшы



Ж.Турсыналиева